

Бекітемін:
«№5 ЖББОМ» КММ
директоры
А.А. Тулегенов
«__» ____ 2022ж

Келісемін 
Директордың о.т.ж. орынбасары
Еркебаева А.Д.
«__» ____ 2022ж

ӘБ отырысында қаралды
Хаттама №
Бірлестік жетекшісі: 
Қарығалиева К.І.
«__» ____ 2022ж

Перспективалық жоспар

2022-2023 оқу жылы

Класс: 0 «А» «Ә»

Тәрбиеші: Текешова М.М.

**МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ ЖОСПАРЫ ЖӘНЕ МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ
ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ НЕГІЗІНДЕ
2022-2023ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН
ІС-ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ**

Білім беру ұйымы:№5 ЖББОМ

Топ/сынып:мектепалды

Балалардың жасы:5-6жас

Жоспардың құрылу кезеңі: қыркүйек айы 2022-2023 оқу жылы

Қ/с	Ұйымдастырылған іс - әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекет міндеттері
1	Сөйлеуді дамыту	Сөздік қор. - Балалардың сөздік қорын тұрмыстық заттарды білдіретін зат есімдермен, заттардың қасиеттері мен сапасын сипаттайтын сын есімдермен байыту.(2) Тілдің грамматикалық құрылымы. - Сөйлемдердегі сөздерді: зат есімдерді сан есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру.(2) Байланыстырып сөйлеу - Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру, әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу(3) Шығармашылықпен сөйлеу әрекеті - Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру (2)
	Көркем әдебиет	-Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсіну, себеп-салдарлық байланыстарды, жанрларды (ертегі, әңгіме, өлең) ажыратуға үйрету. (2) - Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айтып беруге дағдыландыру. (2) - тілдің көркемдігін сезіну (эпитеттер, сипаттамалар, образды сөздер), шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалау. (2) - Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту - диалогтік сөйлеуді дамыту - Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу.
	Сауат ашу негіздері	-Сөз және дыбыс терминдері туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру;(2) -балаларды сөздегі дыбыстардың бірізділігін белгілеуге үйрету; (2) -қолды жазуға дайындау; жазу кезінде арқаны дұрыс ұстау ережелерімен таныстыру (2) - Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау. (2) - Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру, сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтау. (2)

		-Буындардан сөздер құрастыруға (ауызша) үйрету (1) - Жазу парағында бағдарлай білу, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге үйрету.(2)
	Математика негіздері	Жиын. -Жиынды сапасы бойынша әртүрлі элементтерден (түсі, өлшемі, пішіні, дыбысы, қимылы, қолданылуы бойынша заттардан) құру (2) -Сандар түрлі жиындардың көрсеткіштері екендігі және жиын түрлі элементтерден құрылатындығы жайлы түсінігін дамыту. (2) -біртекті заттардан топтар құрастыру және олардың біреуін бөліп көрсету дағдыларын қалыптастыру. Сан және санау. - 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру (2) - Қанша?», «Нешінші?» сұрақтарын ажырату, оларға дұрыс жауап беру. Шама. - Заттардың (5 және одан артық) ұзындығын, биіктігін, ені мен жуандығын анықтай білу, заттарды шамасына қарай өсу және кему ретімен орналастыру (2) - Шеңбермен және тіктөртбұрышпен салыстыру арқылы сопақша пішінмен таныстыру(2) - Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістікте орналастыру (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде(1)
	Қоршаған ортамен таныстыру	Бала, оның отбасы, үйі. -Өзінің жасына сәйкес өмірінде болатын өзгерістерді, балабақшаға баруы, мектепке баруы, ересек азамат болып ержетуі мен еңбек етуі, болашақта табысты болуы үшін білімнің қажеттігін түсінуіне ықпал ету. - Туыстық байланыстарды түсіну (өз жұрты, атасы мен әжесі, жақын туыстары, нағашы жұрты), өзінің жеті атасын білу. Заттық әлем, кеңістікті бағдарлау. - Заттар, олардың белгілерін нақтылау және бейтаныс заттардың қолданылуын түсіну. Көлік, байланыс құралдары - Арнайы көлік құралдарының түрлерін, белгілі бір жұмыс түрін орындау үшін олардың жабдықталуын түсіну (2) Еңбекке баулу. - Әртүрлі мамандықтар, балабақша қызметкерлерінің еңбегі туралы түсініктерін кеңейту. Табиғатпен таныстыру -Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту. Өсімдіктер әлемі -Туған өлкенің өсімдіктері (ағаштар, бұталар, гүлдер, шөпті өсімдіктер) туралы түсініктерін кеңейту, «орман», «шалғын» және «бақша» ұғымдарымен таныстыру. (2)
	Сурет салу	- заттардың, ертегі кейіпкерлерінің бейнесін өзіне тән ерекшеліктерімен салу, сюжеттерде қарапайым мағыналы байланыстарымен ондағы заттардың арасындағы кеңістіктік қатынастарды жеткізе білу.
	Мүсіндеу	-шынайы бейнесіне қарап және ойдан пішіндері мен өлшемі әртүрлі таныс заттарды: көгөністерді, жемістерді,

	Жапсыру Құрастыру Сурет	ойыншықтарды, ыдыстарды мүсіндеу, оларға тән ерекшеліктерді беру, қолдың және саусақтардың қимылдарын жетілдіру, қарапайым пропорцияларды сақтай отырып, адам мен жануардың пішіндерін мүсіндеу. - қайшыны қолдануды бекіту: жолақтардан тікбұрышты пішіндер, шаршылардан үшбұрышты пішіндер, шаршы немесе тікбұрыштың бұрыштарын қию арқылы дөңгелек және сопақша пішіндерді қиып алу. - құрылыс материалдарынан, конструктор бөлшектерінен құрастыру: ауызша сипаттау бойынша ұсынылған тақырыпқа, өз бетінше ойдан құрастыруға, құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулу. - заттардың, ертегі кейіпкерлерінің бейнесін өзіне тән ерекшеліктерімен салу, сюжеттерде қарапайым мағыналы байланыстарымен ондағы заттардың арасындағы кеңістіктік қатынастарды жеткізе білу.
	Музыка	Музыка тыңдау -Балаларды шығармалардың эмоционалды мазмұнын, олардың сипатын, көңіл-күйін, динамикалық ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету. - Музыканың сипатын бейненің мазмұнымен, оның көңіл-күйімен байланыстыра білуді қалыптастыру. Ән айту. -Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру. - Ән айту дағдыларын қалыптастыру, бірінші октаваның «ре», екінші октаваның «до» диапазонда жеңіл дауыспен ән айтуға дағдыландыру.(2) Музыкалық-ырғақтық қимылдар -Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету. Билер. -Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу; би қимылдарының элементтерін жеңіл, еркін орындауға дағдыландыру.(2) - Би шығармашылығы Таныс би қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығару.

Білім беру ұйымы: №5 ЖББОМ

Топ/сынып: мектепалды

Балалардың жасы: 5-6 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: қазан айы 2022-2023 оқу жылы

Қ/с	Ұйымдастырылған іс - әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекет міндеттері
1	Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті -Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы). Артикуляциялық жаттығулар жасау. Сөздік қор. -Сөйлегенде көп мағыналы сөздерді, синонимдер мен антонимдерді қолдану, белгілі бір затқа белгілерді, әрекеттерді және берілген әрекетке заттарды таңдай білу. Тілдің грамматикалық құрылымы -Түбірлес сөздерді жасау және қолдана білу, етістіктерді жалғаулармен қолдану, сөйлеу әдебін, жай және жайылма сөйлемдерді қолдану дағдыларын қалыптастыру. (2) Байланыстырып сөйлеу. -әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстау, әдепті және сабырлы болу. -Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, монологты байланыстырып құра білу, әңгімені бірізді айту, шағын логикалық және хабарлау сипатындағы әңгімелерді құрастыру.(2) Шығармашылықпен сөйлеу әрекеті. -ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығару.
2	Көркем әдебиет	-кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіру. (2) -Әдеби кейіпкердің белгілі бір әрекетін өзінің қалай қабылдағаны туралы айту, кейіпкерлердің жасырын әрекетін түсіну. (2) -Көркем шығарманы рөлдерге бөліп, сахналау. (2) -Сахналық қойылымдарөлді, сюжетті таңдауда бастамашылық пен дербестік танытуға ынталандыру(2)
3	Сауат ашу негіздері	-буын туралы ұғымдарды қалыптастыру, сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтау дағдысын бекітуді жалғастыру -буындардан сөздер құрастыруға (ауызша) үйрету. -сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау (2) -сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (грамматикалық анықтамасыз), сөйлем сөздерден тұратынын түсіну(2) -сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау. берілген сөзге сөйлем құрастыру. (2) -жазу парағында бағдарлай білу, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге үйрету. (2) -геометриялық фигуралардың, көгөністер, жеміс-жидектердің дайын суреттерінің сыртын шетке шығрмай

		бастыру, бояу -қолды жазуға дайындау. Жазу кезінде арқаны дұрыс ұстау ережелерімен таныстыру. Өртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды, ирек сызықтарды, нүктелерді салу
4	Математика негіздері	Жиын: - жиындарды бөліктерге бөлу және оларды қайта біріктіру, бүтін жиын мен оның әр бөлігі арасында байланыс орнату - жиынның бөліктен үлкен екенін, бөліктің жиыннан кіші екенін, жиынның бөліктерін санау және элементтердің (заттардың) бір-біріне қатынасы негізінде салыстыру. (2) - «Бір» сөзінің мағынасы, ол тек бір затты ғана емес, сондай-ақ жиынның бір бөлігі ретінде заттардың тобын білдіретінін түсіндіру. Сан және санау. - . Көрнекілік арқылы 6, 7, 8, 9, 10 сандарының пайда болуымен, 0 ден 9 дейінгі цифрмен таныстыру. (2) Шама. - Шамасы бойынша заттардың арасындағы қатынастарды білдіретін математикалық терминдерді қолдану. (ұзындығын, биіктігін, ені мен жуандығын) Геометриялық фигуралар - үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрышпен таныстыру - танымдық-зерттеушілік қызығушылықты, ойлауды, алдына қойылған міндетті шешуде не істеу, қалай істеу керек екенін түсінуге, күрделі формадағы заттарды өз бетінше зерттеуге мүмкіндік беру (2) - қозғалыс бағыттары: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа. . (2)
5	Қоршаған ортамен таныстыру	Бала, оның отбасы, үйі - Еңбекқорлық пен жауапкершіліктің маңызын түсіну, өзін-өзі құрметтеу, өз күші мен мүмкіндіктеріне деген сенімділікті арттыру. - Үйде отбасы мүшелеріне қамқорлық жасау, үлкендерді сыйлау, кішіге ізет көрсету, үй шаруасына көмектесу, отбасы мүшелеріне жақсы көретінін білдіру, алғыс айту, сыпайы сөйлеу. Заттық әлем, кеңістікті бағдарлау - Заттардың қандай материалдардан жасалғанын өз бетінше анықтау және талдау, олардың сапалары мен қасиеттерін сипаттау. Табиғатпен таныстыру - «Өлі табиғат» ұғымымен таныстыру (су, ауа, мұз сүңгілері, күн, бұлт, қар, тастар, жел, жаңбыр); өлі табиғат заттарын адамның қолымен жасалған заттардан ажырата білу. Еңбекке баулу - Ата-ана еңбегін түсіну, адамдардың еңбектеріндегі өзара байланыстарды байқау. Еңбек ардагерлерін, қарттарды құрметтеу, үлкенді сыйлау, олардың еңбегін бағалау. Адамгершілік және патриоттық тәрбие - Туған өлке, ел, Отан, еліміздің рәміздері, оның маңызы туралы білімдерін кеңейту. - Мемлекеттік мерекелердің бірі Республика күні туралы түсінік беру. Қазақстан Республикасының бас қаласы – Астана, республикадағы қалалар мен ауылдардың атаулары, олардың көрікті жерлері, ауыл мен қала өмірінің ерекшеліктері туралы ұғымдарын байыту. (2)

6	Мүсіндеу	-бақылаған заттың бейнесін бере білу, затты әртүрлі қалыптарда мүсіндеу, пішіннің бетін дымқыл шүберекпен тегістеу және кескішті пайдалану. адамның бейнесін, жануарлардың қимылдарын, қол-аяқтардың қалпын дұрыс мүсіндеу
7	Жапсыру	- қағаздан таныс немесе ойдан әртүрлі бейнелерді, қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қию
8	Құрастыру	Қағаздан құрастыру. Қағаз цилиндрлерден қазақ халқының ұлттық бас киімдерін (тақия, сәукеле, кимешек) құрастыру
9	Сурет	-парақта кеңістіктегі заттардың қалпын беру, заттардың жазықтықта әртүрлі орналасуы мүмкін екендігін түсіндіру (тұрады, жатады және қалпын өзгерте алады)
10	Музыка	Музыка тыңдау. -музыкалық шығармаға көзқарасын білдіру, оның сипаты, мазмұны туралы айту. - музыкалық шығармалардың жанрларын ажыратуға (ән, күй, марш, би) үйрету. Ән айту. -ән айтар алдында, музыкалық фразалар арасында тыныс алу, әннің сөздерін анық айту, орташа, қатты және ақырын дауыспен ән айту Музыкалық-ырғақтық қимылдар. - марш сипатын анық ырғақты жүрумен; музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен жүгіру, жүрелеп отыру арқылы бере білу. (2) Билер. - музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу, қозғалыс бағытын музыкалық фразаларға сәйкес өзгерту Би шығармашылығы - мәтінге сәйкес әнді сахналауға дағдыландыру.

Білім беру ұйымы: №5 ЖББОМ

Топ/сынып: мектепалды

Балалардың жасы: 5-6 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: қараша айы 2022-2023 оқу жылы

Қ/с	Ұйымдастырылған іс - әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекет міндеттері
1	Дене шынықтыру	Жүру -қолдың бастапқы қалыптарын өзгерте отырып, әртүрлі қарқында секіргіштен аттап жүру Тепе-теңдікті сақтау -әр қадам сайын допты алдынан немесе артынан қолдан-қолға ауыстыра отырып, кедір-бұдыр тақтай, гимнастикалық скамейка бойымен жүру. Жүгіру -кедергілерден өту арқылы әртүрлі жылдамдықпен – баяу, жылдам, орташа қарқынмен 1,5–2 минут тоқтамай жүгіру; Еңбектеу, өрмелеу -гимнастикалық скамейка бойымен қолымен тартылып, иықтары мен тізелеріне сүйене отырып, етпетімен өрмелеу Секіру -бір орында тұрып биіктікке секіру (6-8 метр); Лақтыру, қағып алу, домалату -2–2,5 метр арақашықтықтағы нысанаға құм салынған қапшықты, асықты лақтыру, допты екі қолымен бір-біріне (арақашықтығы 1,5–2 метр) басынан асыра лақтыру, (2) Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру -сапқа бір, екі, үш қатармен тұру, бір-бірінің жанына және бір-бірінің артынан сапқа тұру, орнында айналу, оңға, солға бұрылу Музыкалық-ырғақтық қимылдар - Қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру. Түзу бағытта адымдап жүру. Жалпы дамытушы жаттығулар - Гимнастикалық қабырғаға қарап тұрып, белінің тұсындағы тақтайшаны ұстап, алға еңкею. Спорттық ойындар. -Футбол элементтері. Берілген бағытқа допты оң және сол аяқпен тебу. Салауатты өмір салтын қалыптастыру -адам ағзасы және оның қызметінің ерекшеліктері туралы түсініктерді кеңейту. Балалардың назарын ағзасы мен денсаулығының ерекшеліктеріне аудару. Салауатты өмір салтының маңызды компоненттері: дұрыс тамақтану, қимылдар, ұйқы және күн, ауа мен су және денсаулыққа зиян келтіретін факторлар туралы түсініктерді кеңейту.
2	Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті

		-Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы). Артикуляциялық жаттығулар жасауды жалғастыру. Сөздік қор. -Алуан түрлі заттарды сипаттауға, қарым-қатынас жасауға қажетті сөздерді қолдану және түсіну, оларды сөйлегенде белсенді қолдану дағдыларын қалыптастыру. Тілдің грамматикалық құрылымы -Түбірлес сөздерді жасау және қолдана білу, етістіктерді жалғаулармен қолдану, сөйлеу әдебін, жай және жайылма сөйлемдерді қолдану дағдыларын қалыптастыруды жалғастыру.(2) Байланыстырып сөйлеу. -Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, монологты байланыстырып құра білу, әңгімені бірізді айту, шағын логикалық және хабарлау сипатындағы әңгімелерді құрастыру(2) Шығармашылықпен сөйлеу әрекеті. -ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығаруға дағдыландыру.
3	Көркем әдебиет	-кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіру. Әдеби кейіпкердің белгілі бір әрекетін өзінің қалай қабылдағаны туралы айту, кейіпкерлердің жасырын әрекетін түсіну дағдысын жетілдіруді жалғастыру. -рөлдерде кейіпкердің көңіл күйі мен мінезін, бейненің қимылын, интонациясы мен мимикасын беру - Балалардың назарын кітаптың безендірілуіне, иллюстрацияларына аудару. Баланың басқа құрдастарымен және ересектермен түрлі дереккөздерден: ғаламтордан, теледидардан, жақындарының әңгімесінен алған ақпараттарымен, әсерлерімен бөлісуіне мүмкіндік беру.(2) - санамақ, жаңылтпаш айтуға дағдыландыру.(2) - жұмбақ шешуге баулу.
4	Сауат ашу негіздері	-сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу (2) -сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау. берілген сөзге сөйлем құрастыру дағдысын одан әрі жетілдіру.(3) -тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өз бетінше жазуға мүмкіндік беру. (3) -сөздерге дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау дағдысын жетілдіру.(3)
5	Қазақ тілі	Тілдік дамытушы орта. -азық-түлік өндірудегі тұрмыстық кәсібімен, тұрмыста, аң аулауда, мал өсіруде және егіншілікке қажетті құрал жабдықтарымен таныстыруды жалғастыру. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті -тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән ү, ұ, і, дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыруды жалғастыру. Сөздік қор -азық-түлік атауларын (бидай, күріш, арпа, жүгері, талқан, тары, жент, құрт, сүзбе, шұбат, қымыз, айран сөздермен толықтыру. Тілдің грамматикалық құрылымы

		-өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беруді жалғастыру. Байланыстырып сөйлеу -тыңдалған көркем шығарма мазмұнын ретімен жүйелі түрде жеткізуге, кейіпкерлердің диалогын мәнерлі интонациямен беруге, шығарманы рөлдерге бөліп сомдауға,
6	Математика негіздері	Сан және санау. -көрнекілік арқылы 6, 7, 8, 9, 10 сандарының пайда болуымен, 0 ден 9 дейінгі цифрмен таныстыруды жалғастыру. -10 көлеміндегі сандарды салыстыру, саны кем затқа бір зат қосу арқылы теңсіздіктен теңдік немесе саны көп заттан біреуін алып тастау арқылы теңдіктен теңсіздік шығару. .(2) Шама. -Заттарды әртүрлі белгілері бойынша (түсі, пішіні, өлшемі, материалы, қолданылуы) салыстыра білуге үйрету.(2) Геометриялық фигуралар -Геометриялық фигуралар (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш пішіндерімен таныстыруды жалғастыру. (2) Кеңістікті бағдарлау -қозғалыс бағыттары: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа.(2) - апта күндерінің атауын үйрету. - нүктелерді, өрнектерді салуға үйрету. (2)
7	Қоршаған ортамен танысу	Бала, оның отбасы, үйі. -үйде отбасы мүшелеріне қамқорлық жасау, үлкендерді сыйлау, кішіге ізет көрсету, үй шаруасына көмектесу, отбасы мүшелеріне жақсы көретінін білдіру, алғыс айту, сыпайы сөйлеу дағдыларын жетілдіру. Заттық әлем, кеңістікті бағдарлау. -заттардың қандай материалдардан жасалғанын өз бетінше анықтау және талдау, олардың сапалары мен қасиеттерін сипаттай білу қабілеттерін жетілдіру. Көлік, байланыс құралдары - көлік түрлерімен таныстыруды жалғастыру. Еңбекке баулу - еңбектің мазмұны, сипаты және нәтижесінің маңызын, түсіну және бағалау - шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, дербестік пен жауапкершілікке баулу. Жол қозғалысы ережелері -жолда қауіпсіздік ережелерін сақтау. Табиғатпен таныстыру - тірі және өлі табиғат, табиғат құбылыстары (маусым, өсімдік, адам еңбегі) арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және түсіну.
8	Сурет салу	тірі табиғат заттарының бейнелерін күрделі емес қимылдар мен қалыптар арқылы беру (өсімдіктер,

		жануарлар, құстар). заттардың пішіндеріне, бөліктердің салыстырмалы өлшеміне және олардың орналасуына сүйене отырып, түстер мен олардың реңктерін беруге үйрету
9	Мүсіндеу	заттардың ұзын және қысқа, жуан және жіңішке белгілерін көрсете білу, бөліктердің салыстырмалы көлемдерін сақтау, мүсінделген пішіндердің бөліктерін бір-біріне қосып, біріккен жерлерін тегістеу
10	Жапсыру	жапсырудың түрлі әдістері (симметриялы, сыңарлы симметриялы, сұлбалы) мен тәсілдерін (тура, қисық қию, ою, флористика элементтерін) қолдану, түрлі материалдардан (қағаз, мата, табиғи материалдар) жапсыру.
11	Құрастыру	пішіндердің түрлі қалыптарын бере білуді, оларды күрделі емес композицияларға біріктіруді қалыптастыру
12	Музыка	Музыка тыңдау. -музыкалық шығармаға көзқарасын білдіру, оның сипаты, мазмұны туралы айту. -музыкалық шығармалардың жанрларын ажыратуға (ән, күй, марш, би) үйретуді жалғастыру. Ән айту. -ән айтар алдында, музыкалық фразалар арасында тыныс алу, әннің сөздерін анық айту, орташа, қатты және ақырын дауыспен ән айтуды жетілдіру. Музыкалық-ырғақтық қимылдар. -марш сипатын анық ырғақты жүрумен; музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен жүгіру, жүрелеп отыру арқылы бере білуді жетілдіру. Билер. -қазақ халқының би өнерімен таныстыру Би шығармашылығы -мәтінге сәйкес әнді сахналау; шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру. Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау -балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету

Білім беру ұйымы: №5 ЖББОМ

Топ/сынып: мектепалды

Балалардың жасы: 5-6 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: желтоқсан айы 2022-2023 оқу жылы

Қ/с	Ұйымдастырылған іс - әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекет міндеттері
1	Дене шынықтыру	Жүру - қолдың бастапқы қалыптарын өзгерте отырып, әртүрлі қарқында секіргіштен аттап жүру Тепе-теңдікті сақтау - гимнастикалық скамейканың бойымен екі қадам қашықтықта орналасқан іші толтырылған доптардан аттап өту; Жүгіру - жүрумен алмастыра отырып, 100-120 метр арақашықтықта жүгіру; Еңбектеу, өрмелеу - бірнеше заттардан еңбектеп өту, Секіру - бір аяқпен және қос аяқпен құрсаудан құрсауға секіру (арақашықтықтығы 40 сантиметр), Лақтыру, қағып алу, домалату - допты екі қолымен заттардың арасымен (арақашықтығы 4 метр) жүргізу, (2) Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру - сапқа бір, екі, үш қатармен тұру, бір-бірінің жанына және бір-бірінің артынан сапқа тұру, орнында айналу, оңға, солға бұрылуды жетілдіру Музыкалық-ырғақтық қимылдар - қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру. Түзу бағытта адымдап жүруді жетілдіру. Жалпы дамытушы жаттығулар - гимнастикалық қабырғаға арқасымен сүйеніп тұрып, белінің деңгейіндегі рейкадан ұстап, аяқты кезектестіре бұғу және тік көтеру Спорттық жаттығулар Шанамен сырғанау. - бір-бірін шанамен сырғанату, төбешіктен бір-бірлеп және екі-екіден шанамен сырғанау. (2) Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүрту. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың

		қажеттілігін түсіну.
2	Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті -сөйлеуде интонациялық мәнерлілік құралдарын қолдану: дауыс қарқынын, логикалық үзіліс пен екпінді реттеу. (2) Сөздік қор. -зат есімдер мен жалпылаушы сөздерді дұрыс қолдана білуді дамыту. Тілдің грамматикалық құрылымы -интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді дамыту. (2) Байланыстырып сөйлеу. - Ойыншықтарды, заттарды, сюжеттік суреттер нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдау Шығармашылықпен сөйлеу әрекеті. -бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастыру, (2)
3	Көркем әдебиет	-рөлдерде кейіпкердің көңіл күйі мен мінезін, бейненің қимылын, интонациясы мен мимикасын беру - рөлдерде кейіпкердің көңіл күйі мен мінезін, бейненің қимылын, интонациясы мен мимикасын беру -Баланың басқа құрдастарымен және ересектермен түрлі дереккөздерден: ғаламтордан, теледидардан, жақындарының әңгімесінен алған ақпараттарымен, әсерлерімен бөлісуіне мүмкіндік беруді жалғастыру.(2) - санамақ, жаңылтпаш айта білу дағдыларын жетілдіру.(2) - Шешендікке, сөзөнеріне баулу.(2)
4	Сауат ашу негіздері	-сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлуді жетілдіру (2) - сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау. берілген сөзге сөйлем құрастыру дағдысын одан әрі жетілдіру. (3) -үзік сызықтарды бастырып олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өз бетінше жазуға мүмкіндік беру. (3) - сөздерге дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау дағдысын жетілдіру.(3)
5	Қазақ тілі	Тілдік дамытушы орта. -азық-түлік өндірудегі тұрмыстық кәсібімен, тұрмыста, аң аулауда, мал өсіруде және егіншілікке қажетті құрал жабдықтарымен таныстыруды жалғастыру. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті -тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән ү, ұ, і, дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыруды жалғастыру. Сөздік қор -азық-түлік атауларын (бидай, күріш, арпа, жүгері, талқан, тары, жент, құрт, сүзбе, шұбат, қымыз, айран

		сөздермен толықтыруды жалғастыру. -Туыстық қарым-қатынасты «бауыр»білдіретін сөздерді үйрету Тілдің грамматикалық құрылымы -өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беруді жалғастыру. Байланыстырып сөйлеу -тыңдалған көркем шығарма мазмұнын ретімен жүйелі түрде жеткізуге, кейіпкерлердің диалогын мәнерлі интонациямен беруге, шығарманы рөлдерге бөліп сомдауға үйретуді жалғастыру.
6	Математика негіздері	Сан және санау. -теңдік туралы түсінік қалыптастыру, әртүрлі заттардан тұратын топтардың санын анықтау, топтарды санау және салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс жалпылау. (2) -10 көлеміндегі сандарды салыстыру, саны кем затқа бір зат қосу арқылы теңсіздіктен теңдік немесе саны көп заттан біреуін алып тастау арқылы теңдіктен теңсіздік шығару. (2) Шама. -Заттарды әртүрлі белгілері бойынша (түсі, пішіні, өлшемі, материалы, қолданылуы) салыстыра білуге үйретуді жалғастыру. Геометриялық фигуралар -Геометриялық фигуралар (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш пішіндерімен таныстыруды жалғастыру. (2) Кеңістікті бағдарлау -қозғалыс бағыттары: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа.(2) - апта күндерінің атауын үйретуді жалғастыру. - нүктелерді, өрнектерді салуға үйрету. (2) - сөйлеуде белгілі бір заттың өзіне немесе басқа затқа қатысты орнын көрсете білуге үйрету.
7	Қоршаған ортамен танысу	Заттық әлем, кеңістікті бағдарлау. -заттардың қандай материалдардан жасалғанын өз бетінше анықтау және талдау, олардың сапалары мен қасиеттерін сипаттай білу қабілеттерін жетілдіру. Еңбекке баулу - топта тазалық сақтауға, ойыншықтарды сұртуге, табиғат бұрышындағы тіршілік иелеріне күтім жасауға, кезекшілік міндеттерін жауапкершілікпен атқара білу дағдыларын жетілдіру. Адамгершілік және патриоттық тәрбие -балаларды адамгершілік құндылықтарға, өз іс-әрекеттері мен басқа адамдардың іс-әрекеттерін бағалай білу дағдысына үйрету. -ұлттық мереке (Тәуелсіздік күні) маңыздылығын түсіну, оларға белсенді қатысуға үйрету. - Қазақстан Республикасының бас қаласы – Астана, республикадағы қалалар мен ауылдардың атаулары, олардың көрікті жерлері, ауыл мен қала өмірінің ерекшеліктері туралы ұғымдарын байыту. Жол қозғалысы ережелері

		-жолда қауіпсіздік ережелерін сақтау. Жол белгілерін (жүру бөлігі, жаяу жүргіншілер өткелі, тротуар, велосипед, электросамокат, гироскутер, сигвейге арналған жол) білу, бағдаршамның белгілеріне сәйкес жолдан өту Табиғатпен таныстыру - тірі және өлі табиғат, табиғат құбылыстары (маусым, өсімдік, адам еңбегі) арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және түсінуді жалғастыру. Жануарлар әлемі. -Қазақстан аумағын мекендейтін жануарлар мен олардың төлдерін атау және олардың өздеріне тән белгілері бойынша ажырату.
8	Сурет салу	-негізгі пішінді, заттар мен олардың бөліктерінің пропорцияларын мәнерлеп жеткізе білу, түстерді өз қалауы бойынша таңдау
9	Мүсіндеу	-мүсіндеудің әртүрлі әдістерін қолдану: құрылымдық (жеке бөліктерден) және мүсіндік (негізгі бөліктерді тұтас кесектен жасау). Затқа қарап мүсіндеуде ойыншықтарды, пішіні шағын мүсіндерді, халық шеберлерінің бұйымдарын қолдану
10	Жапсыру	- Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен (кілем, алаша, сырмақ, ши, көрпе, жастық заттарын қалауы бойынша қиып жапсыру, оларды ою-өрнектермен безендіру
11	Құрастыру	-өзінің құрастырған құрылысын талдау арқылы тиімді конструктивті шешімдерді табу, оларды құрастыруда қолдану. Дербестікті, шығармашылықты, бастаманы қолдау.
12	Музыка	Музыка тыңдау. - өмірдің кейбір құбылыстарын бейнелеу тәсілі ретінде әлемдік және қазақ музыка өнерінің шығармаларымен таныстыру. Ән айту. -музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке ән айту дағдыларын дамыту. Музыкалық-ырғақтық қимылдар. -марш сипатын анық ырғақты жүрумен; музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен жүгіру, жүрелеп отыру арқылы бере білуді жетілдіру. (2) Билер. -қазақ халқының би өнерімен таныстыру.Қазақтың халықтық би өнері ерте заманнан қалыптасқандығын, ол халқымыздың аса бай ауыз әдебиетімен, әнкүйлерімен, дәстүрлі тұрмыс салтымен біте қайнасып келе жатқан ел мұрасы екенін түсіндіру, Би шығармашылығы -мәтінге сәйкес әнді сахналау; шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру. Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау -балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету. Музыкалық қоңырау, бубен, барабан және шулы аспаптарда ойнау тәсілдерімен таныстыру. (2)

Білім беру ұйымы: №5 ЖББОМ

Топ/сынып: мектепалды

Балалардың жасы: 5-6 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: қаңтар айы 2022-2023 оқу жылы

Қ/с	Ұйымдастырылған іс - әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекет міндеттері
1	Дене шынықтыру	Жүру - қолдың бастапқы қалыптарын өзгерте отырып, әртүрлі қарқында секіргіштен аттап жүруді жалғастыру. - ересектің белгісімен тоқтап, қозғалыс бағытын өзгертіп, шашырап жүру. Тепе-теңдікті сақтау - гимнастикалық скамейканың бойымен екі қадам қашықтықта орналасқан іші толтырылған доптардан аттап өтуді жетілдіру. Жүгіру - жүрумен алмастыра отырып, 100-120 метр арақашықтықта жүгіруді жетілдіру. Еңбектеу, өрмелеу - бірнеше заттардан еңбектеп өтуді жетілдіру. Секіру - бір аяқпен және қос аяқпен құрсаудан құрсауға секіруді жетілдіру. (арақашықтықтығы 40 сантиметр) Лақтыру, қағып алу, домалату - допты екі қолымен заттардың арасымен (арақашықтығы 4 метр) жүргізуді жетілдіру. Музыкалық-ырғақтық қимылдар - Қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру. Түзу бағытта адымдап жүруді жетілдіру. Жалпы дамытушы жаттығулар - алға еңкейіп, алақанын еденге тигізу. Спорттық жаттығулар. Сырғанау. - өз бетінше мұзды жолмен сырғанау, жүгіріп келіп сырғанау.
2	Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті - сөйлеуде интонациялық мәнерлілік құралдарын қолдану: дауыс қарқынын, логикалық үзіліс пен екпінді реттеуді жалғастыру. Сөздік қор. - балаларға сөздерді мағынасына сәйкес қолдануға көмектесу(2) Байланыстырып сөйлеу.

		- Ойыншықтарды, заттарды, сюжеттік суреттер нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдай білу дағдысын жетілдіру. - табиғат құбылыстарын сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдау Шығармашылықпен сөйлеу әрекеті. - бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастыру дағдысын жетілдіру, (2)
3	Көркем әдебиет	-рөлдерде кейіпкердің көңіл күйі мен мінезін, бейненің қимылын, интонациясы мен мимикасын беру дағдысын жетілдіру. - рөлдерде кейіпкердің көңіл күйі мен мінезін, бейненің қимылын, интонациясы мен мимикасын бере білу дағдысын жетілдіру. -Баланың басқа құрдастарымен және ересектермен түрлі дереккөздерден: ғаламтордан, теледидардан, жақындарының әңгімесінен алған ақпараттарымен, әсерлерімен бөлісуіне мүмкіндік беруді жалғастыру. - санамақ, жаңылтпаш айта білу дағдыларын жетілдіру. -жұмбақ шеше білуге қалыптастыру.(2) - Шешендікке, сөз өнеріне баулуға үйретуді жалғастыру.
4	Сауат ашу негіздері	-сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлуді жетілдіру (2) - сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау. берілген сөзге сөйлем құрастыру дағдысын одан әрі жетілдіру. (3) -ұзын, толқынды, ирек сызықтарды, сызықтарды бастырып олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өз бетінше жазуға мүмкіндік беру. (3) - сөздерге дыбыстық талдау: дауысты және дауыссыз дыбыстарға байланысты айтылған сөз ішінен орнын таба білу дағдысын қалыптастыру. (2)
5	Қазақ тілі	Тілдік дамытушы орта. -азық-түлік өндірудегі тұрмыстық кәсібімен, тұрмыста, аң аулауда, мал өсіруде және егіншілікке қажетті құрал жабдықтарымен таныстыруды жетілдіру. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті -тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән ұ, ұ, і, дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айта білу қабілеттерін жетілдіру. Сөздік қор -азық-түлік атауларын (бидай, күріш, арпа, жүгері, талқан, тары, жент, құрт, сүзбе, шұбат, қымыз, айран сөздермен толықтыруды жетілдіру. -Туыстық қарым-қатынасты білдіретін «немере», «шөбере» сөздерін үйрету.(2) Тілдің грамматикалық құрылымы -өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беруді жалғастыру. Байланыстырып сөйлеу -тыңдалған көркем шығарма мазмұнын ретімен жүйелі түрде жеткізуге, кейіпкерлердің диалогын

		мәнерлі интонациямен беруге, шығарманы рөлдерге бөліп сомдауға үйретуді жалғастыру.
6	Математика негіздері	Сан және санау. -теңдік туралы түсінік қалыптастыру, әртүрлі заттардан тұратын топтардың санын анықтау, топтарды санау және салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс жалпылау дағдысын жетілдіру. (2) -10 көлеміндегі сандарды салыстыру, саны кем затқа бір зат қосу арқылы теңсіздіктен теңдік немесе саны көп заттан біреуін алып тастау арқылы теңдіктен теңсіздік шығару. (2) Шама. -Заттарды әртүрлі белгілері бойынша (түсі, пішіні, өлшемі, материалы, қолданылуы) салыстыра білуге үйретуді жалғастыру. - Шартты өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын, енін, биіктігін өлшеу және осы өлшемдер бойынша бірнеше заттарды салыстыру. Геометриялық фигуралар -Геометриялық фигуралар (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш пішіндерімен таныстыруды бекіту. - қоршаған ортадан геометриялық фигураларға ұқсас заттарды табу, олардың пішіндерін анықтау. Кеңістікті бағдарлау - нүктелерді, өрнектерді салуға үйретуді жалғастыру. - сөйлеуде белгілі бір заттың өзіне немесе басқа затқа қатысты орнын көрсете білуге үйрету.
7	Қоршаған ортамен танысу	Заттық әлем, кеңістікті бағдарлау. - үй-жайларда, балабақша ауласында, жақын маңдағы шағын ауданда еркін бағдарлай білу. Еңбекке баулу - жоспарланған нәтижеге жетуге, өзі мен құрдастарының еңбегінің, шығармашылық әрекеттерінің нәтижелерін бағалауға және құрметпен қарауға, кішілерге көмек көрсетуге, қажет болған жағдайда оларға жүгінуге баулу. Адамгершілік және патриоттық тәрбие - өзінің іс-әрекетіне басқалар пікірін білдірген жағдайда ол пікірді дұрыс қабылдауға, өз ісіне адал болуға, еңбек етуде, шығармашылық әрекеттерде нәтижеге жетуге ұмтылуға, сеніп тапсырған тапсырмаларды жауапкершілікпен орындауға, айналасындағыларға әрқашан әділ болуға, оларға қолдау көрсетуге, көмек беруге, жалған сөйлемеуге, өзінің педагогтерін, үлкендерді сыйлауға, кішіге қамқор болуға баулу. - жаңа жыл мерекесінің маңыздылығын түсіну, оларға белсенді қатысуға үйрету. Табиғатпен таныстыру - Балалардың зерттеу әрекеті үшін жағдай жасау, табиғатпен таныстыру барысында заттар мен құбылыстардың өзіне тән, сипаттамалық белгілерін бақылау, талдау, салыстыру, ажырату. Жануарлар әлемі. - бақылау арқылы төрт түліктің пайдасын білу, оларды күтіп-баптау, жылдың әр мезгілінде олардың сыртқы түрі мен тіршілік ету ерекшеліктерін сипаттау. - жыл құстары мен қыстайтын құстарды ажырата білу, құстардың пайдасы туралы білу, оларға қамқорлық жасау.

8	Сурет салу	-бояулармен жұмыс жасауды жетілдіру (бояғышта акварельді сумен араластыру, қажетті түсті алу), қанық түстер алу үшін қарындашты түрліше басып бояу, бейнелеу, түсті қанық беру үшін қағаздың фонын таңдау және бояуларды үйлестіру, өз жұмысының нәтижелерін бағалау. Қазақ ою-өрнектерінің түрлері («түйетабан», «күсканаты», «күстұмсық» таныстыру.
9	Мүсіндеу	-қазақ халқының түрлі ыдыс-аяқтарын (қазан, астау, табак, тостаған, керсен, ожау, күбі торсық), тұрмыстық заттарын (керует, үстел, ер-тұрман, ошақ, кебеже, диірменмен таныстыру, аталған заттардан қалауы бойынша мүсіндеу
10	Жапсыру	- Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен (кілем, алаша, сырмақ, ши, көрпе, жастық заттарын қалауы бойынша қиып жапсыру, оларды ою-өрнектермен безендіруді жалғастыру.Қайшы мен желімді дұрыс қолдану дағдыларын жетілдіру, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтау.
11	Құрастыру	- ұжыммен сюжетті құрастыруға баулу. Шығармашылық ойлауды және қиялды дамыту. Қағаздан құрастыру әдістерін қолданып, жазық материалды көлемді пішінге өзгерте білуді бекіту. Дайын үлгілермен және қарапайым сызба бойынша жұмыс істеу, бейнені кескіні бойынша қию үшін қайшыны қолдану.
12	Музыка	Музыка тыңдау. - шығармалардың жеке фрагменттері бойынша (кіріспе, қорытынды, музыкалық фразалар) әуендерді тану арқылы музыканы есте сақтауды жетілдіру. Ән айту. - әртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және шығармашылықпен орындауға баулу. Әнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру. Музыкалық-ырғақтық қимылдар. - би қимылдарын: қосалқы және ауыспалы қадам жасауды, әртүрлі бағытта жүгіруді және секіруді меңгеру. (2) Билер. -қазақ халқының би өнерімен таныстыру. Қазақтың халықтық би өнері ерте заманнан қалыптасқандығын, ол халқымыздың аса бай ауыз әдебиетімен, әнкүйлерімен, дәстүрлі тұрмыс салтымен біте қайнасып келе жатқан ел мұрасы екенін түсіндіруді жалғастыру. Би шығармашылығы -мәтінге сәйкес әнді сахналау; шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру. Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау -балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету. Музыкалық қоңырау, бубен, барабан және шулы аспаптарда ойнау тәсілдерімен таныстыруды жалғастыру. -балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу.

Білім беру ұйымы: №5 ЖББОМ

Топ/сынып: мектепалды

Балалардың жасы: 5-6 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: ақпан айы 2022-2023 оқу жылы

Қ/с	Ұйымдастырылған іс - әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекет міндеттері
1	Дене шынықтыру	Жүру - заттардың, кегльдердің арасымен, жіптерден аттап жүру Тепе-теңдікті сақтау - қолдарынан ұстап, жұптарымен айналу Жүгіру - жүрумен алмастыра отырып, 100-120 метр арақашықтықта жүгіруді бекіту. Еңбектеу, өрмелеу - бірнеше заттардан еңбектеп өтуді бекіту. Секіру - алға айналдыра отырып, ұзын және қысқа секіргіштен секіру. Лақтыру, қағып алу, домалату - допты екі қолымен заттардың арасымен (арақашықтығы 4 метр) жүргізуді бекіту. Музыкалық-ырғақтық қимылдар - түзу бағытта адымдап жүруді бекіту. - жұбымен шеңбер бойымен жүру. Спорттық жаттығулар Дене шынықтыру мен спортқа қызығушылықты ояту және дене шынықтырумен, спортпен айналысуға баулу. Спорт түрлерімен таныстыруды жалғастыру. Спорт залда және спорт алаңында қауіпсіздікті сақтауға баулу. - шанамен сырғанау. Бір-бірін шанамен сырғанату, төбешіктен бір-бірлеп және екі-екіден шанамен сырғанау. Спорттық ойындар - хоккей элементтері. Берілген бағытта қақпаға хоккей таяқпен шайбаны сырғанату, оны қақпаға кіргізу. Дербес қимыл белсенділігі Қыс мезгілінде мұзды жолдармен сырғанауға, шаңғымен жүруге, хоккей ойындарына, шанамен сырғанауға, ал көктем, жаз мезгілдерінде велосипед тебуге, футбол, бадминтон, баскетбол ойындарына жағдай жасау. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру.
2	Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті

		- сөйлеуде интонациялық мәнерлілік құралдарын қолдану: дауыс қарқынын, логикалық үзіліс пен екпінді реттеуді бекіту. - дыбысталуы ұқсас дауыссыз н-ң, р-л дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету Сөздік қор. - қазақ халқының салт-дәстүрлерімен таныстыруды жалғастыру, «Асар», дәстүрінің мәнін түсіндіру, балаларды бір-біріне көмек қолын созуға, бірлесіп, келісіп ояуға, тапсырманы орындауға дағдыландыру. Байланыстырып сөйлеу. - Ойыншықтарды, заттарды, сюжеттік суреттер нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдай білу дағдысын жетілдіру. - табиғат құбылыстарын сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдай білуді жетілдіру. Шығармашылықпен сөйлеу әрекеті. - бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастыру дағдысын бекіту.
3	Көркем әдебиет	-рөлдерде кейіпкердің көңіл күйі мен мінезін, бейненің қимылын, интонациясы мен мимикасын беру дағдысын бекіту. - рөлдерде кейіпкердің көңіл күйі мен мінезін, бейненің қимылын, интонациясы мен мимикасын бере білу дағдысын жетілдіру. - айналасында болып жатқан оқиғаларға өзінің көзқарасын білдіруге құлшынысын дамыту -Баланың басқа құрдастарымен және ересектермен түрлі дереккөздерден: ғаламтордан, теледидардан, жақындарының әңгімесінен алған ақпараттарымен, әсерлерімен бөлісуіне мүмкіндік беруді жетілдіру. -жұмбақ шеше білуге дағдыландыру.(2)
